

ӘОЖ 811.512.1

**ТҮРКІ ХАЛЫҚ-ТІЛДЕРІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІНЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ
ҚАРЫМНЫҢ ҚАТЫСЫ**
ROLE OF INFLUENCES OF HYBRIDIZATION OF TURKIC TRIBES
WITH DIFFERENT ETHNOSS IN THE ORIGIN OF TURKIC PEOPLE
AND LANGUAGES

О. БЕКЖАН *

Түйіндеме

Өткен ғасырдағы ғалымдар түркі тілдерін негізінен дыбыстық өзгешелікке, варианттылыққа сай саралаған. Олардың таптастыруында түркі тілдерінің бір-бірінен ажырау себептері ашылып көрсетілмеген. Мақалада автор түркі тілдерінің ажырауының негізгі себептерінің бірі ретінде шет халықтармен түркі тайпаларының қандық және тілдік тұрғыдан қарымдасуы деп көрсетеді. Сондай-ақ түркі тілдерін территориялық орналасуына қарай да үшке бөлген.

Кілт сөздер: Түркі тілдері, классификация, варианттылық, этностық-тілдік қарым, негіз тіл.

Summary

Mahmud Kashgari is the first researcher of turkic languages, great son of turkic people, created classification of turkic languages on the location of turkic tribes and on variants phonology and morphology. The Researchers-turcologists of XX century continued to classify turkic languages on the method of M. Kashgari. In connection with that in labours reasons of branching of turkic languages do not open up for classification of those turcologists.

To correct the lacks of those turcologists an author in the article exposes reasons of separations of turkic languages on different groups. He distinguishes one of these reasons, as hybridization of turkic tribes with different ethnoss, that renders a large role in the division of turkic languages. And also he classifies on territories of turkic people on three groups.

Keywords: Turkic languages, classification, variance, ethnic and linguistic mix, main language.

*филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of philology sciences, senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan. e-mail: bekor53@mail.ru

Түркі тілдерінің таптастырылуы (классификация) жайында көптеген ғалымдардың еңбектері бар, бірақ олардың көпшілігі өзге халық-тілдердің өкілдері екені аян және олар таптастыруды негізінен жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында жасады. Бұл ғалымдар түркі тілдерін таптастыруда тілдердің туыстығына, фонологиялық және лексика-морфологиялық жақындығы мен айырмашылықтарына көңіл бөлді. Ал ол айырмашылықтардың туу себептеріне назар аударуды қажет деп таппады.

Біздің ойымызша, бір халықтан жеке ерекшелігі бар тағы бір халық-тілдің тууына бірден-бір себеп бар, ол экстралингвистикалық әсер. Экстралингвистикалық әсер екіге бөлінеді: 1) этносаралық қарым (субстрат); 2) тіларалық қарым (языковой субстрат). Тіларалық қарым тілдері бөлек екі халықтың қатар немесе аралас отыруына сәйкес екі тілдің бір-біріне әсері негізінде болады. Бұл бір тілдің белгілі бір элементі екінші тілге ауысуы арқылы жүзеге асады. Мұндай әсер көбінесе лексикалық ауысым түрінде көрінеді. Бұған қарағанда этносаралық қарым күрделі болып келеді. Себебі этносаралық қарым әсері биологиялық-физиологиялық процесс, бір ұлт пен екінші бір ұлттың будандасуынан пайда болатын жаңа бір ұлттың туу құбылысы. Ол ұлтта екінші ұлттың анатомия-физиономиясы және түрлі мәдени дәстүр-салттық ерекшеліктері, тілдік дыбыстау жүйесі белгілі-бір дәрежеде сақталады. Зер салып қараған зерттеушіге ол бет-бейнелік, тілдік ерекшеліктер анық байқалады. Осылайша этносаралық қарым тілден, халықтың физиономиясынан және гендік (<қандық) құрылымынан да айқын көрінеді.

Тіларалық қарымнан ауысқан сөздер негізінен ендірілген тілдің заңдылығына сәйкес «қорытылып» (самовар – самауыр, самаурын) кетеді. Ал этносаралық қарымның нәтижесі бұған қарама-қарсы түрде негізделеді. Мысалы, көпшілік түркі тайпасының ортасындағы парсы тілді он үйдің ірі басты өкілдері өздеріне сәйкес дыбыстарды сол күйінде дыбыстаса, ал сәйкес емес, біршама бөлек дыбыстарды өз дыбыстарына орайластыра айтады. Олар қазақша ШШ деген сөзді өз дыбыстауына сай ИЧ деп дыбыстайды. КЕЛ деген сөзді ГЕЛ немесе ГӘЛ деп тектік дыбыстау жүйесіне сәйкес өзгертеді. Осылайша **парсы-түркі этнос-тіл аралық қарым** негізіндегі жаңа бір тілдің негізі қаланады. Парсы мен түркі этностарының қандық қарымы жаңа жыл санауға дейінгі дәуірлерде-ақ орын алған үрдіс болған. Дарийдың

жазбасында айтылатын **соғид, сарыд** халықтары осындай парсы-түркілік будандасудан пайда болған этностар болатын. Бұл этнонимдер түркілік **сақ, сар** атты тайпалар атауынан туған. *Сақ, сар* этнонимдері **САРҚ // ЖАРҚ >жарық** сөзінен шыққан атаулар. Біріншісі Р дыбысының (са(р)к), екіншісі Қ дауыссызының (сар(к)) қысқаруы арқылы пайда болған сөздер. Түркі халықтарының ең басқы бабасы **Оғыз** қағанның балаларының аттары **Күн, Ай, Жұлдыз** болып аталғаны мәлім. Аттарына сәйкес бұл ұлдар да космостық нысандарға баламаланған. Сондықтан да бұлардың ұрпақтары **сарық** (//жарық) болып аталған.

Бұл сөз жиі қолданыла келе *сақ, сар* болып қысқарған. *Құншақ, қайсақ*, тәрізді тайпа есімдері алғашқыда **күнк//қанк сарықыт(ы)** болып қолданылған, бұл *күннің жарықтары* деген мағынаны білдірген. Уақыт өте *сарықыт* өз алдына жеке айтыла келе *сарық* сөзіндегі Р дыбысы қысқарып, **сақыт** формасына түскен. Бұл сөздегі - **Т** дыбысы ежелгі заманда көптік жалғауының қызметін атқарды. Осылайша түркілік *сақыт, сарыт* аталған тайпалар парсылармен будандасып жаңа халықтың негізі қаланады.

Отырықшылардың қанында жерге жақындық күшті болады, әрбір отбасы өзіне бөлінген жермен бір өзі ғана айналысып, психикалық мінез-құлқы тар болып, басқалармен ісі болмайды. Өз мекенінен басқа жаққа аттап баспайды. Сондықтан да оларда материалдық дүниеге ынтызарлық зор болып келеді де, жалпы әлеммен байланысы болмай қалады.

Ал көшпелілерде кең дүниеде кезіп жүргендіктен рухани құндылықтар басым болады. Оларда негізгі тіршілікке қатысты заттар ортақ болып, бәрі бір тұқымнан тарағаннан кейін бауырмалдық мықты болады, барлық істі бірігіп атқарады.

Осы себептен екі қанның буданынан пайда болған ұрпақта фетишизмге бейім отырықшылардың психика-физиологиялық бітім-болмыстары тартқыш келеді. Алайда оларға көшпелілердің дарындылық қуаты да ауысады. Сондықтан да отырықшы халықтар көшпелілермен қан араластыруға құмар болған.

Жоғарыда аталған *сақыт, сарыт* этнонимдері парсылық тіл әсерімен **соғид, сарыд** болып өзгерген. Сақыт сөзіндегі А, Қ, Т дыбыстарының О, Ғ, Д дыбыстарына өзгеруі анық парсы тілінің әсері екені айқын. Осы тектес будан тайпалар екі тілді де біліп, өмір-тіршілігінде пайдаланған. Бұл туралы М.Қашқари былай дейді: «Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат-

жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі. Екі тіл білетін және шаһар халықтарымен араласып тұратын адамдардың тілдерінде шұбарлық бар. Соғдақ, канжак, арғу тайпалары дәл сондай екі тіл білетіндерге жатады» [1, 11]. М.Қашқари мұндағы арғу сөзінің мағынасын былай түсіндіреді: «**Арғу** – екі таудың арасы. Осы сөзден алынып, Тираз (Талас) бен Баласағұн аралығындағы шаһарлар да арғу деп аталады. Себебі олардың барлығы екі таудың арасына салынған» [1, 14]. Осы себептен ол арғу атымен екі тау арасын және сол аралықтағы шаһарлар мен тайпаларды да атайды.

М.Қашқари атаған соғды мен арғудың мағыналары белгілі болса, **кәнжәк** туралы олай айта алмаймыз. Өйткені ол туралы түсінік берген ғалымдар пікірі кездеспейді. Бұл сөздің мағынасы жайында біз мынадай тұжырымға келдік. Әзірбайжан жерінде **Гянжа** атты қала бары аян. Бұл маң ежелгі заманнан түркілер мен парсылардың араласып тұрып келе жатқан мекендерінің бірі. Бұл қалада парсының атақты ақыны Низами Гәнжәуи және армян тарихшысы Киракос Гандзакизи (XIII ғ.) өмір сүрген. Сондай-ақ интернетте Гянджа қаласының негізі 859 жылы қаланғаны жайындағы мәлімет [2] беріледі. Отырықшы халықтар бұрынғы өткен аталарын түгендеп, ру-руға бөлінбейтіні мәлім. Сондықтан да олар тәшкендік, самарқандық, бұқарлық болып тұрақ-мекенінің атымен аталады. Кәнжәк этнонимі де осындай Гәнжә қаласынан барған парсылық саудагер, қолөнер шеберлері сияқты қоныс аударғандар болуы ықтимал. Алғашында олар өздерін гәнжалықпыз деп атаса, кейін түркілер Г дыбысын К дыбысына өзгертіп *кәнжәк* деп атап кеткен тәрізді. Бұл этноним *кәнжалық*, *кәнжәқы* // *кәнжәкі* аталымдарынан қалыптасқаны айқын. Бұндай әрбір парсылық қалалардан келген қоныс аударушылар аз болмаған және олар сол бұрынғы өз мекендерінің атымен аталғаны сөзсіз, бірақ оларды түркілер ішіндегі ең саны көп біреуінің, яғни, кәнжәктің құрамына қосып, бір атаумен атай берген.

Түркі тілдерінің классификациясын түзген оқымыстылардың ішінен көпшілік ғалымдардың мойындағаны Н.А.Баскаковтың таптастырымы болып саналады. Н.А.Баскаков негізінен түркі тілдерін аумақтық тұрғыдан Шығыс ғұн (ШҒ) және Батыс ғұн (БҒ) деп екі тармаққа және оларды тілдің туыстық-жақындығына қарай топтарға [3, 99] бөлген. ШҒ тармағын іштей екі топқа – ұйғыр-оғыз және қырғыз-қыпшақ – деп таратады. Біздіңше, Н.А.Баскаков түркі тілдерін таптастыруда біршама қателіктер жіберген. Оларды санамалап айтар болсақ: **1) – түркі тайпа-тілдерін тек құнқтардан (хүн) таратуы;**

2) – жазба ескерткішер тілін қазіргі тірі тілдердің қатарына қосуы;
3) – түркі тайпаларының өз тұрақ-мекендерінде тұйықталып тұрып қалуын елемей; 4) – түркі тілдерінің түр-түрге бөлінуіне этнос-тіларалық қарымның ықпалын ескермеуі.

Бірінші кемшілігіне түсінік берейік. Құнқ-күн ұрпақтары күннің шығатын қиыр шығысын жайлаған. Еурокіндікшілдер (еуроцентристер) түркілерді ұнатпайды, оның басты себебі оларды құлдыққа жеккен тек қана Атилла мен Шыңғыс қағанның түркі жұрағаты болғаны ғана емес, есте жоқ ескі замандардағы түркілік бабалардың атақ-даңқының кескін-кейпі, айбаты болып тұр. Оларда ол туралы көптеген ашылмай жатқан мәліметтер болуы бек ықтимал. Бірақ оны қанша жасырғанмен болған іс, ақиқат жарыққа шықпай қоймайды. Еурокіндікшілдер құнқ түркілердің қытайлардан (олар қазіргідей таза қытайлар емес, қытайланған түркілер болды) қашып, Еуразияның орталығы мен батысына қоныс аударуын бүкіл түркілердің қоныс аударуы деп әлемге жар салып, оны ғылымда орнықтырғысы келді. Алайда шындық олай емес болатын, Еуразияның орталығы мен батысын жайлап жатқан **Ай мен Жұлдыз**, оларды былай қойғанда жердің басқа өңірін мекендеп жүрген **Көк, Тау, Теңіз** ұрпақтарын қайда қоясыз. Қазір Дарий мен Геродот жазбаларында айтылатын сақтардың түркі екені біртіндеп дәлелденіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда Батыс ғұн, Шығыс ғұн деп бөлудің қисыны келмейді.

Екінші кемшілігі – жазба ескерткіштер тілін қазіргі тірі түркі тілдеріне қосып таптастыруға қосуы деп түйіндедік. XI ғасырға дейінгі жазба ескерткіштердің бір-бірінен айырмашылықтарынан гөрі бір-біріне жақындықтары көп, бұлардың ішінде табылған жазбалардың қоры жағынан алғанда салыстыруға келетіні көне күлбіз (руна) және көне түркі-соғды (ұйғыр) жазулы ескерткіштер ғана. Бұларды ғалымдар көне оғыз және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі деп бөледі. Біздің ойымызша, бұларды екіге бөлудің түкке қажеті жоқ. Бұлардың айырмашылықтары жоққа тән, тек түркі-соғды жазулы жазба ескерткіштердегі термин сөздерде ғана **В, Х** дыбыстары қолданылады, бұларды айырмашылық деуге келмейді. Бұларды бөліп көрсету еурокіндікшілерге: «Ұйғыр жазулылар соғдылық (үндіеуропалық) тектен шыққан, яғни, түркілерге мәдениетті апарған үндіеуропалықтар» деу үшін керек болған. Күлбіз жазуын да осы соғдылық жазудан шыққан деп өрекпуі де осыдан туған «қара дерт» болатын. Осы екі жазба ескерткіштен өзгелерін, мысалы, **бұлғар**,

хазар, печенег, половец, хун тілдері [4, 539] деп бөліп айтатындай, тілдік ерекшеліктерге саралайтындай материалдар да жоқ, оның үстіне ол замандағы түркі тілдерінде көп ерекшелік бола қоймайды. Егер болса, жалпы түркі тіліне тән варианттылықтар ғана болуы ықтимал. Мысалы, Солтүстік Кавказдан табылған күлбізік жазулы ескерткіштерде **доғ, джер** [5, 52] деген сөздер кездескен, бұлар орқұн-енесей жазуларында **йоғ** (өлгенге ас беру рәсімі), **йер** болып қолданылған. Алдағы уақытта біздің дәуірдегі жазба материалдар шығып жатса, бұлардың бәрі де **көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі** деп аталуы тиіс. Ал біздің дәуірге дейінгі жазба ескерткіштер «**ежелгі түркі жазба ескерткіштері**» болып аталып, шыққан жеріне қарай **сақ, құнқ** жазбалары болып ерекшеленуі керек. Бұлар, **ежелгі және көне жазбалар тілі**, сондай-ақ **орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі** қазіргі түркі тілдеріне **негіз** тілдер болады, сондықтан олар түркі тілдерінің таптастырымына **негіз тілдер** ретінде ғана енуі қажет. Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштердің транскрипциясын сараптау қажет. Оларды әрбір халық өздеріне ыңғайлап оқып, ескерткіштердің оқылымында ала-құлалық орын алған. Оларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, негізгі түп-тегіне сай саралау кезек күттірмейтін мәселе.

Үшінші, ежелгі заманда түркі тайпалары Тынық мұхиты мен Атлант мұхитының арасындағы жазық далада бір-бірімен араласып, қарым-қатынас жасасып, тек бейбіт жарыстар өткізіп, өмірлерін қызықшылықпен өткізген. Қазіргі айтылып жүрген «коммунизм» соларда болған. Ақшаның түкке қажеті жоқ, бірінің үйіне бірі барса, ақы сұрау болмайды, өйткені өзі де солай ақысыз қатынас жасасады. Міне, сол уақытта түркі тілі біртұтас болып қалыптасқан. Жазуы – бірыңғай күлбізік әліпбиіне негізделген жазу, қазіргі табылған жазбалардағы сегіз бірігіңкі дыбыстар таңбаларынан басқа **РҚ, РС, РЧ, ЛҚ** тәріздес бірігіңкі дыбыстарға да таңбалар арналған болуы ықтимал, қазіргі жазбаларда бұлар кездескен жоқ, бірақ алдағы күндердегі табылған жазбалардан кездесетініне күмән жоқ. Заман өте жалпы түркілік жазықтан ажырап, тұйықталған тайпалар көбейе бастады. Бұндай тұйықталған тайпалар тілінде жалпы түркілік сөздердің жоғалуы байқалады. Мысалы, ежелгі, көне замандардан бастап тұйықталған чуваш, якут-саха тілдерінде қазақ тілінде сақталған **ЗІЛ** сөзі кездеспейтіні анық. Бізде ол сөз *зілдей (зілмандай) ауыр* тіркесінде ғана қолданылады. Бірақ оның пілден де ауыр болғаны

жорамалданып мамонт атауының баламасы ретінде алынып жүр. Қазақ фольклорында, нақты айтқанда қыз бен жігіт айтысының бірінде, бұл сөзді «жерді көтеріп тұрған көк өгіздің астындағы нән балық» деп түсіндірген. Осындай тұйықталған тілдерде ескі замандағы түркілік, немесе басқа тілдерден енген қосымша және сөздер сақталып қалады. Тілдердің өзгеріп ерекшеленуіне осындай да себептер әсер етеді.

Н.А.Баскаковтың **төртінші** кемшілігі түркі тілдерінің өзгеруіндегі үлкен себеп – түркілермен өзге этностық және тілдік қарымның (субстрат) әсерін байқамауы болып табылады. Екі халықтың тілдік қарымы арқылы да тілде өзгерістер болады, алайда бұл жағдайда тілге кейбір қосымшалар мен көптеген сөздер енуі мүмкін, бірақ ендірілген тіл ол сөздерді өз заңдылығына сай өзгертіп, сіңіріп жібереді де, ол сөздер төл сөздерден ажыратылмайтындай болып кірігіп кетеді. Бұл дүниежүзіндегі барлық тілдерге тән құбылыс. Өзге тілден сөз қабылдамаған тіл болмайды. Ал этностық қарымның жөні басқа. Жоғарыда келтірілгендей этностық қарымда алғашқыда өзге ұлттың өкілі басқа этностың арасында тұрақтап, сол тілмен қатынас жасағанда өзге тілдегі өзгеше дыбыстарды өз тіліндегі сәйкес дыбыстармен атай бастайды. Сөйтіп өзгешелігі бар жаңа тілдің негізі қаланады. Бұл құбылысты түсіндіру үшін түркі тілдеріндегі **Қ** дыбысының орнына түрік тіліндегі **К** дыбысының қолданылуын мысалға келтіруге болады. Қазіргі оғыз тілдеріндегі көп сөздердегі Т-ның Д-ға өзгеріп ұяңдануы және К-нің Г-ге, Б-ның В-ға айналуы да парсылық және еуропалықтардың әсерінің ықпалы екені даусыз.

Шет этнос-тілдік қарым (Ә-ТҚ) әсері өзбек пен ұйғырда дауыстылардың үндестігінің бұзылуы түрінде көрінеді, сондай-ақ өзбекте А-ның О-мен айтылуы және екеуінде де Е орнына Ә-нің қолданылуы, оларға В, Х, Һ дыбыстарының енуі парсылық-түркілік қандық қарымның әсерінен екені айқын. Келесі Ә-ТҚ әсері деп қазақтан басқа барлық түркі тілдерінде **І** орнына өзге тілдік **И** дауыстысының қолданылуын айтуға болады. Бұл өзгеріс қазаққа жақын қыпшақ тілдерінде, әсіресе, өте жақын қарақалпақ пен ноғай тілдерінде де қалыптасқан. Бұл олардың айналасындағы кавказ, славян тілдерінің қарымдық әсерінен пайда болған. Кавказдықтардың арасындағы түркілердің олармен қандық қарымға түскені кескін-кейіптерінен де аңғарылады. Қарақалпақтарға түркімендік Ә-ТҚ әсері болған деуге болады. Чуваштардағы Ә-ТҚ айналасындағы финн-угор, славян халықтарымен араластықтан туғаны мәлім. Башқұрт пен

татарға келсек, татар славяндармен Э-Т қарымға түскен, ал башқұрт татар, славяндармен этностық-тілдік тұрғыда қарымдасқан.

Келесі Э-Т қарымға түскен түркілік тайпалар Еуразияның шығысында орналасқан. Н.А.Баскаковша айтқанда, Шығыс Ғұн бұтағы. Бұлар XIII ғасырға дейін шоқ-шоқ болып тұйықталып өмір сүрді. Тілдерінде көне түркі күлбізік ескерткіштеріндегі дыбыстар сақталды. Яғни, олар I(i) тілді халықтар болды. Бұған енесей жазба ескерткіштері куә. X ғасырда қытайн-қалмақтар (қидан-қалмақтар) Ұйғыр қағанаты мен Қытайды басып алды. Бұдан кейін Қытай билігі манчжурларға қарады. Осы аралықта қытайн-қалмақтар қытайдың түркілерді өзіне сіңіріп ассимиляциялау саясатын үйренді. Қытайлар бұндай саясатқа осыған дейінгі 3000 жыл бойы әбден машықтанған болатын. Шыңғыс хан құрған түркілік Манғол империясы кезінде қытайн-қалмақтар бұрынғы әдетінше патша сарайындағы әкімдік қызметтерде жұмысын жалғастыра берді. Бұлардың түркілік манғол атына өлердей қызыққаны осы кезден басталады. Ұлы тарихшы Рашид ад-Диннің айтуынша сол заманда манғол болғысы келмеген халық болмаған екен. Кейін Төленің ұрпақтары империя тағына иелік еткен соң, оның ұрпақтарының бірі қазіргі Монғолияға жеке қаған болуды бастаған. Бұлардың мұрагерлері де ары қарай өздерін манғолмыз деп айтатыны белгілі жәйт. Осылайша түркілік манғол аты қытайн-қалмақтардың төл атына айнала бастаған еді. Төле ұрпақтарының қол астында қанша түркі тайпалары болғанын бір Алла Тағала біледі. Бұлардың бәрі де қазіргі маңғұл-қалмақтардың санын көбейтті, көбейтіп қана қойған жоқ, түркілік жауынгерлікті де сыйлады. Бұлар манғол-түркі атын жамылып айналасындағы түркі тайпаларын қалмақтандыруды үздіксіз жүргізе берді. Оның бір дәлелі қалмақ тілдес буряттың елдік есімі бола алады. Бурят – қырғыздың ескі елдік атауы **буруттан** шыққан елесім (этноним). Сол жерді мекендейтін буруттарды қалмақтар ассимиляциялаған, алайда олар өздерінің халықтық атауларын сақтап қалған. Бұлардың арасындағы бір бөлігі қалмақтанса, қалған бөлігі түркілігін сақтап қалатыны да белгілі жайт. Міне, осылардан қалмақтық **созылыңқы** дауыстыларды мұраға алып қалған қазіргі **қырғыз** тілді халық қалыптаса бастайды. Бұлардың тіліндегі бірыңғай еріндік дауыстылардың үндестігі де осы қалмақтық тілдің нышаны болып табылады. Көне енесей жазба ескерткіштерінде көрініс берген **I** дыбысы қалмақтық **И** дауыстысына орын беруге мәжбүр болған.

Қалмақтың түркілерді өздеріне сіңіру саясаты Сібірдегі барлық түркілерге қолданылғаны байқалады. Соның жемісі – қазіргі Н.А.Баскаковша шығыс ғұндық түркі тілдері түгелдей қалмақтық дауыстылардың **созылықтылығын** және **И, Х, Ц** тәрізді дыбыстарын мұра етіп алып қалған. Шығыс ғұн тілдеріне қарама-қарсы батыс ғұн тілдерінде тек **түркімен** мен **гагауыз** тілдерінде ғана созылықты дауыстылар бар. Бұлар, біздің ойымызша, көне дәуірдегі арабтардың түркілермен қандық қарымының нәтижесі деп білеміз.

Этнос-тіларалық қарымға түспеген, өзінің ежелгі қалпын сақтаған бірден-бір түркілік этнос – ол **ҚАЗАҚ** халқы. Дүниежүзінде басқа халықтармен қандық қарымға түспейтін ұлт болмайды. Дегенмен қазақтың қанына қосылған шет халықтың қандық мөлшері ұлттық-тілдік сипатты айтарлықтай өзгертетін деңгейде болмаған. Оған негізгі себептің бірі қазақтардың тектік тазалықты сақтауды берік заңдылық ретінде қалыптастыруы болатын. Осы тұрғыдан алғанда **ҚАЗАҚ ТІЛ** өзінің ежелгілігін сақтаған, ішкі тілдік заңдылықтармен дамуын үздіксіз жалғастырған, **бүкіл түркі халықтарына ортақ НЕГІЗ ТІЛ** болып саналады. Енді өзіміздің тарапымыздан жасалған түркі тілдерінің таптастырымын ұсынайық.

Түркі тілдерінің территориялық жағынан таптастырымы:

I. Шығысқы түркі тілдері: Бұған якут-саха, хакас, алтай, тува, сары ұйғыр, салар, фуюий қырғыздары және басқа түркі халықтары тілдері кіреді. Бұлардың ішіндегі **шор, чулым** сияқты ұсақ сандылар да осылардың құрамына енеді. Шекарасы – Обь-Ертіс өзендері бойынан Маңғол Алтайына, одан Үнді мұхитына дейінгі аралықтан шығысқа қарайғы аумақ.

II. Ортаңғы түркі тілдері: Шығысқы шекарадан Орал тауы-Жайық өзені-Каспий теңізі, одан Ауғанстанның батыс шекарасы бойы. Бұған **қазақ, қарақалпақ, түркімен, өзбек, қырғыз, ұйғыр және басқа түркі халықтары** тілдері жатады.

III. Батысқы түркі тілдері: Ортаңғының батыс шекарасынан Атлант мұхитына дейінгі аумақ. Бұларға **татар, башқұрт, чуваш, ноғай, қарашай-балқар, құмық, қырым татары, қарайым, гагауыз, балқан түркілері, әзірбайжан, түрік және басқа түркі халықтары** тілдері жатады.

Түркі тілдеріне ортақ НЕГІЗ ТІЛДЕР:

I. Барлық түркі тілдеріне ортақ, ертедегі негіз тілдер: **ежелгі, көне, және орта түркі жазба ескерткіштерінің** тілі.

II. Ешқандай шет этностық-тілдік қарымға түспеген, ертедегі негіз тілдерден үздіксіз жалғасып келе жатқан қазіргі негіз тіл: **ҚАЗАҚ ТІЛІ.**

Түркі тілдерінің этностық-тілдік қарым тұрғысындағы таптастырымы:

I. Қытайн-қалмақтық этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **якут-саха, хакас, алтай, тува, сары ұйғыр, салар, қырғыз, фуюий қырғыздары** тілдері.

II. Араб, парсы, финн-угор, славянмен этностық-тілдік қарымға түскен тіл: **чуваш** тілі.

III. Кавказ халықтары, славяндық (татар арқылы) этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **ноғай, қарақалпақ** тілдері.

IV. Славяндық этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **татар, қырым татар** тілдері.

V. Славян, татарлық этностық-тілдік қарымға түскен тіл: **башқұрт** тілі.

VI. Кавказ халықтарымен этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **құмық, қарашай-балқар** тілдері.

VII. Көне еврей, литва, славян этностық-тілдік қарымға түскен тіл: **қарайым** тілі.

VIII. Парсы, араб этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **өзбек, ұйғыр** тілдері.

IX. Араб, парсы этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **түркімен, гагауыз, орта ғасырға дейінгі салар** тілдері.

X. Парсы, араб, үндіеуропа халықтарымен этностық-тілдік қарымға түскен тілдер: **түрік, балқан түріктері** тілдері.

XI. Парсы, кавказ халықтарымен этностық-тілдік қарымға түскен тіл: **әзірбайжан** тілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1998, 11-б.
2. www.smilerlanet.ru/azerbaijan/geandza/
3. Бүркіт О. Түркітану. Алматы, «Арыс», 2003, 99-б.
4. Тюркские языки. Бишкек, изд. дом «Кыргызстан», 1997, С. 539.
5. Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. Ставрополь, книж. изд., 1989, С. 52.